



"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 сәуір N 555

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы

1998 жылғы 2 желтоқсанда Осло қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандум бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропадағы қауіпсіздік

пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар  
және адам құқықтары жөніндегі бюросы арасындағы Өзара түсіністік  
туралы меморандум

ЕҚЫҰ-ның адам өлшемі саласындағы міндеттемелерге ерекше назарын атап өтіп  
және Қажеттіктерді бағалау жөніндегі миссияның Қазақстан Республикасына  
сапарының нәтижелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚЫҰ-ның  
ДИАҚБ төмөндегілер туралы келісті:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚЫҰ-ның ДИАҚБ адам өлшемі  
мәселелері жөнінде тұрақты консультациялар өткізетін болады. Қазақстан  
Республикасының Үкіметі мен ЕҚЫҰ-ның ДИАҚБ демократияландыру, адам құқығы  
және сайлаулар саласындағы жобаларды дамыту мен оларды орындауда бірлесіп  
жұмыс істейтін болады.

ЕҚЫҰ-ның ДИАҚБ жобалар бойынша ұсыныстар әзірлейді және жобаларды іске  
асыруға көмек көрсету үшін сарапшыларды жібереді. Келісілген жобалардың алдын  
ала жасалған тізімі осы Өзара түсіністік туралы меморандумның Қосымшасына  
енгізілген. ЕҚЫҰ-ның ДИАҚБ аталған жобаларды іске асыру жөніндегі басшылықты  
өзіне алады. Жобалардың орындалуы ресурстардың болуына байланысты.

Қайталауды болдырmas үшін ЕҚЫҰ-ның ДИАҚБ қаншалықты мүмкін болатынына  
қарай, техникалық көмек көрсету жобаларын іске асыруда басқа да халықаралық  
ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасайтын болады.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды нығайту үшін ЕҚЫҰ-ның ДИАҚБ  
жобаларын орындауға адам құқықтары саласында қызмет істейтін жергілікті үкіметтік  
емес ұйымдар да тартылуы мүмкін.

Келісілген жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан  
Республикасының Үкіметі тиісті өкілеттіктері бар жауапты адамдарды немесе  
ведомстволарды тағайындейді. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚЫҰ-ның  
ДИАҚБ әрбір 6 ай сайын ынтымақтастықты жандандыру және бұл орайда жасалған  
міндеттемелерді орындау үшін Өзара түсіністік туралы осы меморандум мен  
Қосымшаны жүзеге асыру жөніндегі істердің жай-күйіне шолу жасап отырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мүмкіндігіне қарай жобаға қатысты алғашқы  
ақпаратты беру жолымен жобаларды орындауға, визаларды беруді қоса алғанда,  
қажетіне қарай материалдық-техникалық жәрдем беруге және жол жүргүре байланысты  
нысандықтарды ресімдеуге көмек көрсетеді. Үкімет ЕҚЫҰ-ның ДИАҚБ қызметін  
қосымша құнға салынатын салықты төлеуден босатады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ДИАҚБ демократияландырудың ұзақ  
процесс екенін мойындан отырып, Өзара түсіністік туралы меморандумды көп жылдық

бағдарлама ретінде қарастырады. Кейбір жобалар, егер ескертілген болса, 1998 жылы орында бастайды. Қосымшада көрсетілген қалған жобалар 1999 жылы орындалатын болады. Болашаққа арналған қосымша жобалар, егер талап етілсе, кешірек әзірленеді.

Осы Меморандум оған қол қойылған сәттен бастап уақытша қолданыста

болады және Меморандумның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік процедураларды орындағаны туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі хабарлаған күннен бастап күшіне енеді.

Осло қаласында 1998 жылғы 2 желтоқсанда әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

|  |   |
|--|---|
| Қазақстан<br>Республикасының<br>Үкіметі үшін | Еуропадағы қауіпсіздік және<br>ынтымақтастық ұйымы үшін |
|--|---|

Мамандар:

Багарова Ж.А.  
Қасымбеков Б.А.